



010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8
«Министрліктер үйі», 14-кіреберіс
тел.: +7 7172 74 08 44

010000, г. Нур-Султан, пр.Мангилик Ел, 8
«Дом министерств», 14 подъезд
тел.: +7 7172 74 08 44

№ _____

**Factcheck.kz сайтының
бас редакторы
Д. Смақовқа**

*2022 жылғы 8 шілдедегі
№ F-3422 хатқа*

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Сіздің Арал теңізі бойынша сауалыңызды қарастырып, қосымшаға сәйкес ақпарат жолдайды.

Қосымша 3 бетте.

Вице-министр

Т.Момышев

исп. Д. Алтынбекова
тел. 74-08-81

2022 жылдың
«___» шілдедегі
№_____
ҚР ЭГТРМ хатына
қосымша

1. Қазіргі уақытта Арал теңізінің құрғаған табанының көлемі қанша? Оның ішінде Өзбекстан және Қазақстан аумағындағы құрғаған теңіз көлемі қанша?

Арал теңізінің жоғалуы Арал өңірінің флорасына, фаунасына, ландшафты мен климатына жүйелі теріс әсер етті. Арал теңізінің құрғаған табанының орнында ауданы 5,4 млн.га Аралқұм құмды-тұзды шөлі пайда болды, оның 2,0 млн. га Өзбекстан аумағында, шамамен 3,0 млн. га Қазақстан аумағында орналасқан.

2. Құрғаған Арал теңізінің түбінен ауаға жылына қанша тонна тұз, шаң мен құм көтеріледі?

Халықаралық Аралды құтқару қорының ақпараты бойынша Қазақстан Республикасында жыл сайын Арал теңізінің құрғаған табанынан желмен бірге 80 млн.тоннаға дейін улы тұз көтеріледі.

Шаңның жалпы жауын-шашыны гектарына 50-ден 1679 кг-ға дейін ауытқиды, ең жоғары жауын-шашын Арал теңізінің құрғаған түбіне жақын жерде байқалады.

3. Көтерілген тұз, шаң мен құм қанша шақырымға дейін басқа аймақтарға тарайды?

Теңіздің құрғаған түбінің ландшафты тұрақсыз болып табылады.Арал өңірінде жылына 30-50 күн тұратын қатты желдер кезінде сиретілген сортаңдар мен дөңдер қарқынды шаңды дауылдарға айналады, шаң шлейфінің ұзындығы 600 км – ге, ал бөлшектердің көтерілу биіктігі 4 км-ге дейін жетеді

4. Арал теңізінің түбінде қанша тонна тұз жатыр?

ҚР Халықаралық Аралды құтқару қорының ақпараты бойынша, Арал теңізінде миллиардтаған тонна улы тұздар жиналып, олар егістіктерді жуғаннан кейін сумен бірге келді. Сарапшылардың бағалауы бойынша Арал теңізінің құрғаған түбінде шамамен 107-114 млрд.тонна тұз бар.

5. Арал теңізін қалпына келтіру мақсатында қазіргі уақытты қандай шаралар жүзеге асырылып жатыр және жоспарланған?

2021 жылы «Арал теңізінің құрғаған түбін көгалдандыру сексеуілді өсірудің жабық жүйесін пилоттау» жобасының кезеңдерінің бірі басталды.

Ғалымдардың есептеуінше, 1 га аумақтағы төрт жылдық сексеуіл жыл сайын 1158,2 кг көмірқышқыл газын сіңіреді, 835,4 кг оттегін өндіреді және жыл сайын 800 тоннадан құм ұстайды. Қазір мамандар сексеуілді жергілікті флораның жойылып бара жатқан түрлеріне жатқызады. Бұл өсімдіктің популяциясын қалпына келтіру қазір басым міндеттердің біріне айналады. Мемлекет басшысы орманды қалпына келтіру және ормандарды аурулар мен зиянкестерден қорғау бойынша айтарлықтай жұмыс көлемін қарастырды. Бес жыл ішінде орман қорына 2 миллиардтан астам және елді мекендерге 15 миллион ағаш отырғызу жоспарлануда. Бұл акция елімізді ауқымды көгалдандыруға алып келеді.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Арал теңізінің құрғаған түбіндегі (бұдан әрі – АТҚТ) сексеуіл екпелерінің ауданын 2025 жылға дейін 1-1,1 млн. га дейін ұлғайту міндеті қойылды.

Мемлекет басшысының 2021 жылғы 19 сәуірдегі АТҚТ-на сексеуіл екпелерін отырғызу жөніндегі тапсырмасын орындау үшін Қызылорда облысының әкімдігімен бірлесіп, 2025 жылға қарай АТҚТ-дағы сексеуіл екпелерінің ауданын 1-1,1 млн. гектарға дейін ұлғайтуға бағытталған шаралар пысықталды.

100 мың га алқапқа сексеуіл екпелерін отырғызу бойынша 2021 жылға арналған жоспар толық орындалды.

2022 жылы 250 мың га алаңда фитоорманмелиорациялық жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі күні 12 мың (3,6 млн дана) жерге сексеуіл көшеттерін отырғызу жұмыстары жүргізілді.

Ел тәуелсіздігі жылдары АТҚТ-дағы фитоорманмелиорациялық жұмыстар 195 мың га алқапта жүргізілді, бұл ретте табиғи екпелерді қоса алғанда, ормандардың жалпы ауданы 337 мың га құрайды.

Осылайша 2025 жылға қарай АТҚТ-дағы орман алқабы 1,4 млн-ға дейін ұлғаяды.

Сонымен қатар 2020 жылдан бастап Министрлік Дүниежүзілік банкпен бірлесіп «Арал теңізінің солтүстік бөлігін өңірлік дамыту және қалпына келтіру» жобасының (бұдан әрі – Жоба) ТЭН-ін әзірлеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Дүниежүзілік банк 1,5 млн. АҚШ долл. байланысты емес грант бөлді. Гранттың жабылу мерзімі: 2023 жылғы маусым.

Жоба мынадай негізгі нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған:

- Арал теңізінде су жинау көлемі мен сапасын жақсарту;
- қорғаныс орман жолақтарын орнату арқылы Арал теңізінің түбінен тұзды шөгінділердің шығарылуын төмендету;
- Солтүстік Арал теңізінің экологиялық мониторингі мен су ресурстарын басқаруды жақсарту;
- балық өнімдерін өндіру және қайта өңдеуді қолдау арқылы балық шаруашылығын дамыту.

Келісімшартқа сәйкес бас жобалаушы жобалық зерттеулер жүргізді, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі ұйымдармен, ведомстволық

бағынысты мекемелермен және Министрліктің кәсіпорындарымен бірқатар консультациялар өткізді.

Ағымдағы жылы Консультантпен (Yekom Consulting Engineers (Иран) компаниясы) техникалық тапсырмаға сәйкес техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу бойынша жұмыс жалғастырылуда. Солтүстік Арал теңізді толтыру бойынша бірнеше нұсқа дайындалды, олар Қызылорда облысы әкімдігінде және Арал-Сырдария бассейні кеңесінің отырысында қарастырылады, әрі қарай Қоғамдық тыңдауына шығарылады.